



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

Проанализировав финансовую отчетность, можно сделать вывод, что она всесторонне отражает реальное состояние Компании за прошедшие периоды, на его основе складывается видение развития всей телеком-отрасли Казахстана в целом. Тенденция роста выручки и чистой прибыли Компании, которая складывалась на протяжении последнего десятилетия, была продолжена.

Таким образом, по результатам аудита финансовой отчетности, большинство финансовых показателей АО «Казахтелеком» стабильны, что свидетельствует о хорошем финансовом.

Но, несмотря на это, можно выделить некоторые рекомендации:

1. Необходимо усилить контроль за соотношением дебиторской и кредиторской задолженности и разработать меры для ее снижения;

2. Привлечь долгосрочные заемные средства для увеличения имущества производственного назначения;

3. Реализовать неиспользуемые основные средства, уменьшить неэффективные долгосрочные инвестиции и прочие внеоборотные активы для повышения мобильности активов.

Библиографический список:

1. Аудированная консолидированная финансовая отчетность АО «Казахтелеком». [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://telecom.kz/>
2. Алгоритм оценки имущественного положения предприятия. [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://www.profiz.ru/se/5_2022/algorithm_ocenki/
3. Анализ дебиторской и кредиторской задолженности. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://upr.ru/article/analiz-debitorskoy-i-kreditorskoy-zadolzhennosti/>

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ МҮЛІКТІК ЖАҒДАЙЫ МЕН АКТИВТЕРІНІҢ АУДИТІ

Бекболсынова А.С., Серік Ә.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Бұл жұмыста «Ембімұнайгаз» АҚ–ның мүліктері мен активтерінің жағдайы сипатталады. Ұйымның қаржылық есептілігін негізге ала отырып, кәсіпорынның барлық мүлкі мен оның жекелеген түрлерінің абсолютті және қатысты өсіңкілігі немесе азаюының себептері мен салдарларына аудит жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша акционерлік қоғамның мүліктік жағдайы мен активтерді басқаруды жақсарту бойынша ұсынымдар берілді.

Түйін сөздер: мұнай нарығы, мүліктік жағдайы, активтер динамикасы, қаржылық жағдай туралы есеп, негізгі құралдар, қорлар.

Аннотация. В данной работе рассмотрены состояние имущества и активов АО "Эмбаунайгаз". Исходя из финансовой отчетности организации проведен аудит причин и последствий абсолютного и относительного прироста или уменьшения всего имущества предприятия и его отдельных видов. Даны


рекомендации по улучшению имущественного положения акционерного общества и управления активами.

Ключевые слова: рынок нефти, имущественное положение, динамика активов, отчет о финансовом положении, основные средства, запасы.

Annotation. This article describes the state of the property and assets of Embamunaigas JSC. Based on the financial statements of the organization, an audit was conducted of the causes and consequences of the absolute and relative increase or decrease in the entire property of the enterprise and its individual types. Based on its results, recommendations were made to improve the property status of the joint-stock company and asset management.

Keywords: oil market, property status, asset dynamics, statement of financial position, fixed assets, reserves.

«Ембімұнайгаз» АҚ - геологиялық барлауды, мұнай-газ кен орындарын игеруді, мұнай мен газды өндіру мен дайындауды жүзеге асыратын болашағы зор заманауи қазақстандық мұнай компаниясы. «Ембімұнайгаз» АҚ құрамына Атырау қаласындағы 6 өндірістік құрылымдық бөлімше және Атырау облысының 4 ауданындағы: «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Ембімұнайэнерго» басқармасы және «өндірістік-техникалық қызмет көрсету және жабдықтарды жинақтау басқармасы» кіреді. Компания өндірілген мұнайды экспортқа және ішкі нарыққа жеткізеді.



Сурет 1. Мұнай өндіру көлемі мен мұнай бағасы
Ескерту – Авторлармен құрастырылған [5]

Ішкі нарыққа мұнай ҚР мұнай өңдеу зауыттарына жеткізіледі. Экспортқа мұнай екі негізгі бағыт бойынша жеткізіледі: Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) және Өзен-Атырау-Самара (УАС) құбырлары арқылы. Тауарлық газды

өткізу ҚР Газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық операторы – «ҚазТрансГаз» АҚ арқылы жүзеге асырылады [1].

«Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметін ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

1 Кесте мәліметтерінең активтердің нақты құның көрсететін баланс валютасының есепті жылы 21,693,384 мың теңгеге немесе 6,12 %-ке артқандығын көруге болады. Бұл кәсіпорынның әрі қарайғы дамуын көрсететін, оның жұмысының оң нәтижесін сипаттайды.

Кәсіпорындағы өндірістік потенциалдың құны жыл басында 182,346,284 мың теңгені, жыл соңында 186,346,284 мың теңгені құрады, яғни 3,934,784 мың теңгеге немесе 2,16% - ға өсті.

Баланс активтерінің жалпы құнындағы өндірістік потенциалдың үлесі есепті жылы 1,92 тармаққа төмендегенімен, жыл соңында 49,50% -ды құрады, бұл өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициентінің қалыпты мәніне сәйкес келеді.

1 – кесте. "Ембімұнайгаз" АҚ активтерінің динамикасын, құрамы мен құрылымын талдау

№	Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерісі, мың теңге	
		мың теңге	мың теңге	мың теңге	2019/2020	2020/2021
1	Активтер құны, оның ішінде:	410 187 138	354 595 619	376 289 003	-55 591 519	21 693 384
1,1	Айналымнан тыс активтер, оның ішінде:	292 323 165	241 399 482	241 091 418	-50 923 683	-308 064
а)	Негізгі құралдар	204 238 506	173 685 026	175 556 741	-30 553 480	1 871 715
ә)	Барлау және бағалау бойынша активтер	16 387 613	1 031 379	3 595 321	-15 356 234	2 563 942
б)	Материалдық емес активтер	2 348 126	2 106 305	1 681 570	-241 821	-424 735
в)	Басқа да қаржы активтері	38 554 106	42 765 614	46 956 915	4 211 508	4 191 301
г)	Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив	16 866 489	18 446 303	10 766 894	1 579 814	-7 679 409
ғ)	Өтелуге жататын ҚҚС	11 033 076	2 577 409	0	-8 455 667	-2 577 409
д)	Айналымнан тыс активтер үшін төленетін аванстар	2 895 249	787 446	2 533 977	-2 107 803	1 746 531
1,2	Айналымдағы активтер, оның ішінде:	117 863 973	113 196 137	135 197 585	-4 667 836	22 001 448
а)	Ақша қаражаты мен оның баламалары	39 188 958	57 661 949	74 630 524	18 472 991	16 968 575
ә)	Тауар материалдық қорлар	9 374 880	8 661 258	10 724 327	-713 622	2 063 069
б)	Сауда және басқа да дебиторлық берешек	42 413 683	23 497 861	30 442 242	-18 915 822	6 944 381
в)	Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстары	2 383 693	3 281 500	3 406 235	897 807	124 735
г)	Салықтар бойынша алдын ала төлем және өтелге ҚҚС	22 856 112	14 135 807	6 367 631	-8 720 305	-7 768 176
ғ)	Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	1 646 447	5 957 762	9 626 626	4 311 315	3 668 864
2.	Кәсіпорынның өндірістік потенциал құны	213 613 386	182 346 284	186 281 068	-31 267 102	3 934 784

Ескертпе: пайдаланылған көздер негізінде жасалған [2],[3],[4]

Айналымнан тыс активтер 0,13 % - ға немесе 308,064 мың теңгеге төмендеген. Баланс активіндегі жалпы құнындағы үлесі жыл соңында 4,01 % - ға азайған. Оның ішінде МЕА – 20.16%, Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер – 41.63%, Өтелуге жататын ҚҚС - 100% азайған.

Айналымдағы активтер 19.44% - ға немесе 22,001,448 мың теңгеге (Ақша қаражаттары – 29.43%, ТМҚ – 23.82%, Сауда және басқа да деб.бер. - 29%, Төленген аванстар – 3,.) артқан. Баланс валютасындағы үлесі сәйесінше 4,01 % - ке өсті.

Демек, активтер айналымдағы активтердің есебінен көбейіп тұр. Оған нарықтағы мұнай бағасының 93\$ көтеріліп, сұраныстың 0.78% - ға өсіп, өндіріс көлемінің артуы тікелей әсер етіп тұр. [5]

«Ембімұнайгаз» АҚ айналымдағы активтері жыл аяғында жыл басына қарағанда 22,001,448 мың теңге немесе 19,44 % -ға өсті.

2 – кесте "Ембімұнайгаз" АҚ айналымдағы активтерінің құрамы мен құрылымы

№	Көрсеткіштер	2019	2020	2021	Өзгерісі, мың теңге	
		мың теңге	мың теңге	мың теңге	2019/2020	2020/2021
1	Айналымдағы активтер	117 863 963	113 196 137	135 197 585	-4 667 826	22 001 448
1,1	Ақша қаражаты мен оның баламалары	39 188 958	57 661 949	74 630 524	18 472 991	16 968 575
1,2	Тауар материалдық қорлар	9 374 880	8 661 258	10 724 327	-713 622	2 063 069
а)	Шикі мұнай	7 088 817	5 095 432	7 108 115	-1 993 385	2 012 683
ә)	Материалдар	2 286 063	3 565 826	3 616 212	1 279 763	50 386
1,3	Сауда және басқа да дебиторлық берешек	42 413 883	23 497 861	30 442 242	-18 916 022	6 944 381
1,4	Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстары	2 383 693	3 281 500	3 406 235	897 807	124 735
1,5	Салықтар бойынша алдын ала төлем және өтелге ҚҚС	22 856 112	14 135 807	6 367 631	-8 720 305	-7 768 176
а)	Өтелуге жататын ҚҚС	23 071 594	20 121 363	6 415 331	-2 950 231	-13 706 032
ә)	Экспорттық кеден бажы	8 024 056	3 747 749	2 982 612	-4 276 307	-765 137
б)	Басқалары	10 419 227	518 834	180 743	-9 900 393	-338 091
в)	Өтелуге жататын ҚҚС құнсыздану резерві	-7 674 730	-10 252 139	-3 211 055	-2 577 409	7 041 084
1,6	Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	1 646 447	5 957 762	9 626 626	4 311 315	3 668 864

Ескертпе: пайдаланылған көздер негізінде жасалған[2],[3],[4]

Ақша қаражаттарының өсімі өткен жылға қарағанда 29,43 % - ды немесе 16,968,575 мың теңгені құрады. Ақша қаражаттарының өсімі мұнайды сатудан түскен түсімнің өсуіне байланысты артып тұр. Оның үлесі 2021 жылы 55,2 % - ға тең.

Кәсіпорынның материалдық айналым қаражаты есепті жылы 23,82%-ға өсті және ол жыл аяғында 16,968,575 мың теңгені құрады. Қорлардың 5,26% - ы шикі мұнайды, 2,67% - ы материалдардан тұрады. Қорлардың үлесі жыл басында 7,65% - ды құраса, жыл аяғында 7,93% - ға жетті. Жалпы қорлардың өтімділік деңгейі жоғары, себебі шикі мұнай қоймада тұрып қалмай, өңделіп бірден экспортқа және ішкі нарыққа жедел жөнелтіліп отыр. Есепті жылы сауда және басқа да дебиторлық борыш та әжептәуір өскен. Егер оның көлемі жыл басында

23,497,861 мың теңгені құраса, жыл соңында 30,442,242 мың теңгені құрады немесе 29,55% - ға ұлғайды, ағымдағы активтердегі үлесі де 1,76 тармаққа (22,52-20,76) артты. Дебиторлық берешектің көп бөлігін «KazMunayGaz Trading AG» компаниясының қарызы құрайды. Бұл компанияның қарыз сомасы 2020 жылы 8,151,289 мың теңгені құраса, 2021 жылы 15,477,755 мың теңгені құрады.

Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстар жыл соңында жыл басына қарағанда 3,8 % - ға ұлғайды, бірақ оның үлесі 0,38 көрсеткішіне азайды. Салықтар бойынша алдан ала төлем және өтелуге жататын ҚҚС 54,95% төмендеген. Соның ішінде оның құрамындағы өтелуге жататын ҚҚС 68,12%, экспорттық кеден бажы 20,42%, өтелуге жататын ҚҚС құнсыздану резерві 68,68% - ға азайды. Ағымдағы активтер құрамындағы үлесі де 7,71 көрсеткішке төмендеді.

Компанияның корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем жыл басында 5,957,762 мың теңгені құраса, жыл аяғында 9,626,626 мың теңгеге артып, өсім 64,58% - ды құрады. Келтірілген мәліметтер кәсіпорынның айналымдағы активтерінің жалпы алғанда жағымды динамикасын көрсетеді. Оның 50% - дан астамының бөлігін ақша қаражаттарының құрауы, оның қысқа мерзімді міндеттемелерді төлеу қабілетін жақсы деп бағалауға мүмкіндік береді. «Ембімұнайгаз» АҚ айналымнан тыс активтері жыл аяғында жыл басына қарағанда 308,064 мың теңге немесе 0,13 % -ға төмендеді.

3 – кесте «Ембімұнайгаз» АҚ айналымнан тыс активтерінің құрамы мен құрылымы

№	Көрсеткішгер	2019	2020	2021	Өзгерісі, мың теңге	
		мың теңге	мың теңге	мың теңге	2019/2020	2020/2021
2.	Айналымнан тыс активтер	292 323 165	241 399 482	241 091 418	-50 923 683	-308 064
2,1	Негізгі құралдар	204 238 506	173 685 026	175 556 741	-30 553 480	1 871 715
a)	Мұнай - газ активтері	171 471 436	140 341 055	145 849 255	-31 130 381	5 508 200
ә)	Жер	307 213	281 268	304 302	-25 945	23 034
б)	Ғимараттар мен құрылысжайлар	4 844 517	4 794 375	8 662 473	-50 142	3 868 098
в)	Машиналар мен құрал - жабдықтар	1 810 952	2 100 453	2 854 058	289 501	753 605
г)	Көлік	6 096 672	5 134 134	4 182 349	-962 538	-951 785
ғ)	Басқа да активтер	2 793 484	3 288 433	4 220 364	494 949	931 931
д)	Аяқталмаған күрделі құрылыс	16 914 232	17 745 308	9 483 940	831 076	-8 261 368
2,2	Барлау және бағалау бойынша активтер	16 387 613	1 031 379	3 595 321	-15 356 234	2 563 942
2,3	Материалдық емес активтер	2 348 126	2 106 305	1 681 570	-241 821	-424 735
2,4	Басқа да қаржы активтері	38 554 106	42 765 614	46 956 915	4 211 508	4 191 301
2,5	Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив	16 866 489	18 446 303	10 766 894	1 579 814	-7 679 409
2,6	Өтелуге жататын ҚҚС	11 033 076	2 577 409	0	-8 455 667	-2 577 409
2,7	Айналымнан тыс активтер үшін төленетін аванстар	2 895 249	787 446	2 533 977	-2 107 803	1 746 531

Ескертпе: пайдаланылған көздер негізінде жасалған [2],[3],[4]

Компанияның негізгі құралдары жыл басында 173,685,026 мың теңгені құраса, жыл соңында 175,556,741 мың теңгеге артып, өсімі 1,08% - ды құрады. Негізгі құралдардың басым бөлігін мұнай – газ активтері (60,50%) құраса, қалған бөлігін жер(8,19%), ғимараттар мен құрылысжайлар (3,59%), машиналар мен құрал – жабдықтар (1,18%), көлік (1,73%), басқа да активтер (1,75%), аяқталмаған күрделі құрылыс (3,93%) құрайды. Негізгі құралдардың өсімі

күрделі жөндеуде тұрған Кенсай мұнай өндіру кенін сатып алып, қайта іске қосуылуы себеп болды. Материалдық емес активтер жыл соңында жыл басына қарағанда 424,735 мың теңгеге немес 20,16% - ғы төмендеді. Материалдық емес активтерді кен орнын игеруге арналған лицензиялар мен компьютерлік бағдарламалар құрайды. Оның төмендеуіне "Ембімұнайгаз" АҚ – ның бюджеттеу бөліміндегі компьютерлік бағдарламаның қызмет ету мерзімі аяқталып, істен шығуы себеп болды. Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив 41,63 % -ға, өтелуге жататын ҚҚС 100% - ға төмендеді. Яғни ұйым өзінің салық бойынша міндеттемелерінің көп бөлігін жапқан. Айналымнан тыс активтер үшін төленетін аванстар жыл басныда 787,446 мың теңгені құраса, жыл соңында 2,533,977 мың теңгені құрап, 2 есеге өскен.

Жалпы алғанда, көрсеткіштер кәсіпорынның айналымнан тыс активтерінің жағымды динамикасын көрсетеді. Ұйымның айналымнан тыс активтерінің 72,82% - ын (2021) негізгі құралдар құрап тұр. Негізгі құрал - табиғи - материалдық формасын өзгертпейтін және тозуына қарай өз құнын өндірілген өнімге бөліп-бөліп өткізетін, материалдық-заттай еңбек құралдарының жиынтығы. Демек кәсіпорын өзінің негізгі өндірістік қызметін орындау үшін жеткілікті деңгейде негізгі құралдарға иелік етеді.

4 – кесте «Ембімұнайгаз» АҚ мүліктік жағдайын бағалау

№	Көрсеткіштер	2020	2021	Өзгерісі	
		мың теңге	мың теңге	" +/-	Өсімі
1.	Кәсіпорын активтерінің құны	354 595 619	376 289 003	21 693 384	6,12
2.	Өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициенті	0,51	0,50	-0,02	-3,73
3.	Кәсіпорын активтерінің қозғалыс коэффициенттері	0,32	0,36	0,04	12,55
4.	Қозғалыстағы және имобилизацияланған қаражаттардың арақатынас коэффициенттері	0,47	0,56	0,09	19,59
					4 -
5.	Негізгі құралдардың нақты құнының коэффициенті	0,49	0,47	-0,02	-4,75
6.	Негізгі құралдардың актив бөлігінің үлесі	0,16	0,12	-0,04	-27,31
7.	Негізгі құралдардың тозу коэффициенті	0,11	0,13	0,01	12,59
8.	Негізгі құралдардың жаңарту коэффициенті	0,19	0,16	-0,03	-14,09
9.	Негізгі құралдардың жарамдылық коэффициенті	0,89	0,87	-0,01	-1,59
10.	Негізгі құралдардың істен шығу коэффициенті	0,01	0,04	0,03	283,41

Есекертте: пайдаланылған көздер негізінде жасалған[5]

кестедегі мәліметтерге сәйкес өндірістік мүлікті коэффициент жыл басында 0,51 – ді, жыл соңында 0,5 – ді құрады. Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның өндірістік потенциалының жақсы жағдайда екенін көрсетеді.

Бірақ, нақты жылы коэффициенттің 0,02 – ге немесе 3,73 % - ға төмендегін байқауға болады. Себебі, кәсіпорын жыл соңында көлік құралдарының қызмет ету мерзімінің бітуіне байланысты септен шығарды.

Кәсіпорын активтерінің қозғалыс коэффициенттері жыл басында 0,32 – ге, жыл соңында 0,36 – ға тең болды. Жыл ішінде өсім 12,55 % - ды құраса да, көрсеткіш ағымдағы активтердің баланс валютасындағы үлесінің 50% - дан төмен екендігін көрсетіп отыр, бұған басты себеп кәсіпорынның салалық ерекшеліктері болып тұр. Яғни кәсіпорын мұнай саласында қызмет ететіндіктен, оның ұзақ мерзімді активтері баланс валютасының көп бөлігін алады.

Талданатын кәсіпорындағы қозғалыстағы және имобилизацияланған қаражаттардың арақатынас коэффициенттерінің деңгейі жыл басында 0,47, ал жыл соңында – 0,56 құрады. Бұл коэффициент деңгейінің жоғарылауы мобильді құралдардың өсу қарқынының имобилизацияланған құралдардың өсу қарқынынан асып кетуі нәтижесінде пайда болды.

Негізгі құралдардың нақты құнының коэффициенті жыл басында – 0,49, жыл соңында – 0,47 – ні құрады. Бұл негізгі құралдардың активтер құрамындағы үлесінің жеткілікті деңгейінде екендігін білдіреді.

Негізгі құралдардың жалпы құнындағы еңбек құралдарының үлесін 2020 жылы 0,19, 2021 жылы 0,12 – ке тең болды. Еңбек құралдарының үлесінің төмендеуі өндірістегі көлік пен машиналардың қызмет ету мерзімінің аяқталуынан болып тұр.

Кестедегі мәліметтерге сәйкес, негізгі құралдардың тозу коэффициенті базистік жылы 0,11, нықты жылы 0,15 – ті құрады. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның негізгі құралдарының техникалық жағдайының жақсы екенін көрсетеді.

Негізгі құралдардың жаңару коэффициенті жыл басында 0,19 – ды, жыл аяғында 0,16 – ны құрады. Оның төмендеуіне жаңа негізгі құралдардың түсімінің төмендеуі басты себеп болып тұр.

Жарамдылық коэффициенті 2020 жылы 0,85, 2021 жылы 1,01 – ге тең. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның техникалық жағдайының жоғарғы екенін көрсетеді.

Кезең ішінде есептен шығарылған негізгі құралдар 0,03 ті құрап, жыл басына қарағанда 2 есе артқан.

Қорытындылай келе, активтердің динамикасын зерттеу кезінде кәсіпорынның барлық мүлкі мен оның жекелеген түрлерінің абсолютті және қатысты өсіңкілігі немесе азаюының мөлшері анықтауға мүмкіндік берді. Активтердің өсіңкілігі кәсіпорын қызметінің ұлғаюы туралы, активтердің азаюы – қызметтің тарылуы туралы көрсетеді. Біз соңғы 3 жылда компанияның активтерінің өскенін байқап отырмыз.

Осылайша, аудиттің нәтижелері бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ мүліктік жағдайы мен активтерді басқаруды жақсарту үшін:

1. 2017 жылы қабылданған «Цифрлық кен орны» инвестициялық жобасын қайта қарастырып, оның рентабельділігіне баға беру керек.

2. Ұйымның 2021 жылы негізгі құралдарының күрт төмендеуіне байланысты, «Ембімұнайгаз» АҚ – ына мемлекеттік аудит жүргізу қажет деп санаймыз.

3. Әлемдегі геосаяси ахуалға байланысты «Ембімұнайгаз» АҚ шикі мұнайды тасымалдаудың өзге де жолдарын қарастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. «Ембімұнайгаз» АҚ – ның ресми сайты: <https://emba.kz/>
2. «Ембімұнайгаз» АҚ – ның 2019 жылғы қаржылық есептілігі: https://emba.kz/data/nws/rus/fil_935_98.pdf
3. «Ембімұнайгаз» АҚ – ның 2020 жылғы қаржылық есептілігі: https://emba.kz/data/nws/rus/fil_1065_125.pdf
4. «Ембімұнайгаз» АҚ – ның 2021 жылғы қаржылық есептілігі: https://emba.kz/data/nws/rus/fil_1200_157.pdf
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік реестрінің ресми сайты: <https://www.gosreestr.kz/kz/>

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА ІС-ҚИМЫЛДАРЫНА ҚАРСЫ АУДИТТІ ПАЙДАЛАНУ

Бұлақбай А.Ж.

«Қаржы» ББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aiganym.bulakbay@mail.ru

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Жахметова А.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

Андатпа. Статистикаға сәйкес, экономикалық қылмыстар цифрлық экономика дәуірінде ерекше қауіп болып табылады. Қазіргі жағдайда ішкі қаржылық бақылау мен ішкі аудит жүйелерінің рөлі артып келеді. Мақалада Қазақстандағы экономикалық қызмет саласындағы тіркелген құқық бұзушылықтар динамикасына талдау жүргізілген, қылмыстық кірістерді заңдастыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жүйесінде аудитті пайдалану шарттарының ерекшеліктері ашылды. Сонымен қатар, көлеңкелі экономика ұғымына экономикалық зерттеу саласы тұрғысынан сипаттама берілген. Қаржылық бақылаудың маңызды екі әдісі көрсетілген, яғни ішкі аудит пен тәуелсіз қаржылық бақылау. Сондай-ақ көлеңкелі экономикадағы қарсы іс-қимыл жүйесіндегі қаржылық аудитті пайдаланудың өзектілігі туралы жазылған және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, жылыстатуға байланысты операциялар анықталған кезде аудитордың текеріс жүргізу кезіндегі негізгі назар аударуы тиісті бағыттар туралы мәліметтері келтірілген.

Аннотация. Согласно статистике, экономические преступления представляют особую опасность в эпоху цифровой экономики. В современных условиях возрастает роль систем внутреннего финансового контроля и внутреннего аудита. В статье проведен анализ динамики зарегистрированных правонарушений в сфере экономической деятельности в Казахстане, раскрыты особенности условий использования аудита в системе легализации преступных доходов и противодействия теневой экономике. Кроме того, дано описание